

## Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы

Қарағанды қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 06/02 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 ақпанда № 26778 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы №859 бұйрығымен бекітілген, Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31 тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8950 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда – Қарағанды қаласының әкімдігінің 09.10.2023 № 75/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қарағанды қаласының аумағында инвотакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 2) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қаласының әкімдігінің 18.05.2023 № 33/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қаласының әкімдігінің 18.05.2023 № 33/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды қаласының әкімі*

*Е. Булекпаев*